Исх. № 03-08-1544 от 29.01.2026, Вход № 608 от 29.01.2026

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

АИТВ-инфекциясын диагностикалау және емдеу саласындағы ұқсас қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігін анықтау нәтижелері бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Тапсырыс беруші атауы: «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі-Тапсырыс беруші)*, БСН: 800940000019.

2. Өтінішхат қарау негізі: «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі-Заң)* 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

3. Өтінішхат нысанасы:

Қаржы жылы: 2026 ж.

Қаржыландыру көзі: Үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысты гранттар бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен.

Сатып алу нысанасының түрі: Қызмет.

Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды: 829919.000.000009.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы: АИТВ-инфекциясын диагностикалау және емдеу саласындағы қызметтер.

ЭҚЖЖ: 86.90.9

Сатып алу тәсілі: Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден.

Саны, көлемі: 1 қызмет.

Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома, теңге: 244 223 000 теңге.

Бір көзден сатып алуды жүзеге асыруға негіздемелер:

Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алуға монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған кезде жол беріледі.

Тапсырыс берушінің өтінішіне сәйкес, «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ МКК-нан сатып алуды жүзеге асыру жоспарлануда.

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметтерді көрсету орны (КАТО сәйкес елді мекен коды): Ақтау қаласы (471010000).

4. Өтінішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер: «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу» ШЖҚ МКК *(бұдан әрі-Әлеуетті жеткізуші)*, БИН: 910140000022.

Құрылтайшылар (қатысушылар) туралы мәліметтер Құрылтайшысы – Маңғыстау облысының әкімдігі.

Басқаруды жүзеге асыратын орган «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

II. ҰҚСАС ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ, КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨНДІРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖОҚ ЕКЕНДІГІН АЙҚЫНДАУ

5. Алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасымен қарау шеңберінде (осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес) жүргізілген іс-қимылдар тізбесі

Қорытынды жасау кезінде Департамент Заңды және Агенттік Төрағасының м. а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидаларын *(бұдан әрі - Қағидалар)* басшылыққа алды.

Заңның 16 бабының 3 тармағы 26) тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған кезде мемлекеттік органның тиісті өздерінің өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайында жүзеге асырылады.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша өтінішхаттарды қарау кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін айқындау мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай

өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу:

Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексінің *(бұдан әрі-Кодекс)* 12-бабы 2 тармағының 4 тармақшасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары: коммуналдық заңды тұлғалар болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін қамтамасыз етеді.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19 ақпандағы № 57 қаулысымен бекітілген «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінің *(бұдан әрі – Ереже)* 1 тармағына сәйкес Басқарма Маңғыстау облысының аумағында денсаулық сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың міндеттеріне ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру кіреді.

Ереженің 5 тарауы 24 тармағының 10) тармақшасына сәйкес «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ МКК басқарма қарамағындағы ұйымдардың тізбесіне кіреді.

«Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ МКК қызметінің мәні өңірде адамның иммун тапшылығы вирусы инфекциясына эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру, АИТВ-инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру, АИТВ-инфекциясының зертханалық диагностикалауды ұйымдастыру және жүргізу, АИТВ-инфекциясын емдеуге және жүргізілген зерттеулерге мониторинг жүргізу, диспансерлеу және АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдарға медициналық көмек көрсету, жанасудан кейінгі антиретровирустық алдын алуды өткізу, АИТВ-инфекциясы профилактикасы, диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша медициналық қызметкерлерді даярлықтан өткізу.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 134-бабы 2 тармағына сәйкес, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар өз қызметін, оның ішінде денсаулық сақтау және денсаулық сақтау саласындағы референс-зерттеулер функцияларын қамтамасыз ету қызметтер саласында жүзеге асырады.

Осылайша, Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы АИТВ-инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ МКК-ды басқару және үйлестіру бойынша заңнамада белгіленген өкілеттіктерге ие.

2) Нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау:

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесінің 2 тармағында адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) тудыратын ауру әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесіне енгізілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 14 қазандағы №526 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған аурулардың тізбесінің» 2 тармағына сәйкес аса қауіпті жұқпалар: адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтыру, жүре пайда болған иммунитет тапшылығы синдромын мемлекеттік емес секторында емдеуге тыйым салынған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2025 жылғы 15 қазандағы № 107 бұйрығымен Қазақстан Республикасында АИТВ-инфекциясы кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейтін Қазақстан Республикасында АИТВ инфекциясы кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты *(бұдан әрі-Стандарт)* бекітілген.

Стандарттың 3 тармағына сәйкес АИТВ инфекциясы кезінде халыққа мамандандырылған кешенді медициналық көмекті АИТВ-инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

Стандарттың 9 және 12 тармақтарына сәйкес АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына:

1) **АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі орталық** (бұдан әрі – өңірлік АИТВ орталығы) – **облыс**, **республикалық маңызы бар қала және астанада құрылған** дербес денсаулық сақтау ұйымы;

2) АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы– АИТВ инфекциясы кезінде профилактикалық, консультациялық-диагностикалық және емдік көмекті және өңірлік АИТВ орталықтары мен басқа да денсаулық сақтау ұйымдарының АИТВ инфекциясының профилактикасы, оны диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша жұмыстарына ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты және үйлестіруді жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым жатады.

Өңірлік АИТВ орталықтарының негізгі міндеттері:

1) АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша басқа ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен ұйымдастыру-әдістемелік басшылық, ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

2) АИТВ инфекциясының профилактикасы, оны диагностикалау және емдеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

3) ХНТ арасында АИТВ инфекциясының таралуына іріктеу биологиялық мінез-құлықтық зерттеулер (бұдан әрі – БҚЗ) әдісімен эпидемиологиялық бақылауды қоса алғанда, өңірде профилактикалық бағдарламалардың іске асырылу тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау;

4) эпидемиологиялық қадағалау мен санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

5) АИТВ және АИТВ-мен байланысты ауруларды зертханалық диагностикалауды ұйымдастыру және жүргізу;

6) АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды динамикалық байқау кезінде РВТ тиімділігіне және зертханалық зерттеулердің жүргізілуіне мониторинг;

7) АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды динамикалық байқауды қамтамасыз ету және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;

8) халықты ҚДП-мен және ҚКП-мен қамтамасыз ету;

9) АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша медицина қызметкерлерін даярлау;

10) АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды емдеудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық қызметтермен (бұдан әрі – ЖТМҚ) қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

11) АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды медициналық оңалтумен және паллиативтік көмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

12) АИТВ инфекциясының профилактикасына, оны диагностикалауға және емдеуге инновациялық медициналық технологияларды енгізу болып табылады.

Стандарттың 20 тармағына сәйкес Өңірлік АИТВ орталықтары:

1) № ҚР ДСМ-211/2020 және № ҚР ДСМ-204/2020 бұйрықтарына сәйкес медициналық ұйымдардың жолдамасы бойынша және жеке жүгінген кезде халыққа АИТВ инфекциясына диагностика жүргізуді;

2) өңірде АИТВ инфекциясымен сырқаттанушылыққа және оның таралуына эпидемиологиялық мониторингті;

3) денсаулық сақтау ұйымдарына, қоғамдық бірлестіктерге және әртүрлі ведомстволарға АИТВ инфекциясының профилактикасы мәселелері бойынша медицина қызметкерлерін даярлауды қоса алғанда, әдістемелік көмек көрсетуді;

4) № ҚР ДСМ-137/2020 бұйрыққа сәйкес АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша халықтың әртүрлі топтары мен ХНТ үшін мақсатты профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады.

Кодекстің 99 бабының 1 тармағына сәйкес АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шаралар:

1) халық арасында, оның ішінде халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуына эпидемиологиялық қадағалау жүргізу;

2) халықтың әртүрлі топтарына ақпараттық материалдар, әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АИТВ инфекциясы мәселелері жөнінде ақпарат беру;

3) АИТВ инфекциясының профилактикасы мәселелерін білім беру жүйесіне және жұмыс орындарында интеграциялау;

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

4) сенім пункттерінде, достық кабинеттерінде халықтың негізгі топтарына емдеу-профилактикалық көрсетілетін қызметтерді ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Достық кабинеті - АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және халықтың негізгі топтарына жыныстық жолмен берілетін инфекциялық аурулар кезінде еріктілік және құпиялылық қағидаттары бойынша тегін негізде профилактикалық және емдік-диагностикалық көмек берудің арнайы ұйымдастырылған пункті;

5) үкіметтік емес ұйымдар арқылы мемлекеттік әлеуметтік гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орналастыру және іске асыру;

6) донорлықтың және трансплантаттаудың, сондай-ақ халыққа тері қабаттары мен сілемейқабық бүтіндігінің бұзылуымен байланысты қызметтер көрсету кезінде инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа және балаға берілуінің алдын алу;

8) қатынасуға дейінгі және қатынасудан кейінгі профилактиканы ұсыну;

9) АИТВ инфекциясының берілу тәуекелін төмендету үшін диагноз қойылған кезден бастап антиретровирустық терапияны ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-137/2020 бұйрығымен «АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидалары» *(бұдан әрі-Қағидалар)* бекітілген.

Қағидалардың 5 тармағына сәйкес АИТВ инфекциясы жөніндегі іс-шаралар:

1) халық арасында, оның ішінде халықтың негізгі топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуына эпидемиологиялық бақылау жүргізу;

2) ақпараттық материалдар, әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың әртүрлі топтарына АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ақпарат беру;

3) АИТВ инфекциясының профилактикасы мәселелерін білім беру жүйесіне және жұмыс орындарына интеграциялау;

4) халықтың негізгі топтарына сенім пункттерінде, достық кабинеттерінде емдік-профилактикалық қызметтерін ұсыну;

5) мемлекеттік әлеуметтік гранттар мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды үкіметтік емес ұйымдар арқылы орналастыру және іске асыру;

6) донорлық пен трансплантаттаудың инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ халыққа тері қабаттары мен сілемейлі қабаттардың бүтіндігінің бұзылуына байланысты қызметтер көрсету кезінде;

7) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа және балаға берілуінің алдын алу;

8) жанасуға дейінгі және жанасудан кейінгі профилактиканы ұсыну;

9) диагноз қойылған сәттен бастап АИТВ инфекциясының берілу қаупін азайту үшін антиретровирустық терапияны ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Осылайша, заңнамада АИТВ-инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті АИТВ-инфекциясының алдын алу жөніндегі тиісті орталықтардың (АИТВ-ның өңірлік орталығы) жүзеге асыруы көзделген.

3) Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау:

Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Агенттіктің Ұлттық статистика бюросының *(бұдан әрі–Бюро)* түсіндірмелеріне сәйкес Экономикалық қызмет түрлерін жіктеу үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 22 ақпандағы бұйрығымен бекітілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші *(бұдан әрі – ЭҚЖЖ)* 01.01.2020 жылдан бастап қолданылады 2019 жылғы № 68-НҚ.

ЭҚЖЖ жіктеуішінің өзекті нұсқасы бюроның Интернет-ресурсында орналастырылған www.stat.gov.kz «жіктеуіштер» бөлімінде, «Ұлттық» кіші бөлімінде. Бұдан басқа, бюроның Интернет-ресурсының басты бетінде «ЭҚЖЖ бойынша іздеу» интерактивті сервисі іске асырылады, онда ЭҚЖЖ кодын немесе түйінді сөздерді (хэштегтерді) пайдалана отырып, іздеуді жүзеге асыруға және осы немесе өзге ЭҚЖЖ-ны не қамтитынын түсіндірумен танысуға болады.

Жіктеуішке сәйкес «АИТВ-инфекциясының алдын алу және емдеу саласындағы қызметтер» ЭҚЖЖ-да қамтылмаған.

Бұл ретте өтінішхатта көрсетілген қызмет түрі 86.90.9 «Денсаулық сақтау саласындағы басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де қызмет» ЭҚЖЖ-ға жатады.

Мемлекеттік статистика мәліметтері бойынша Маңғыстау облысының шекараларымен белгіленген аумақта 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша статистикалық бизнес-тіркелімнен жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен филиалдарының, оның ішінде сұрау салынатын экономикалық қызметтің негізгі түрлеріне сәйкес мемлекеттің қатысуымен саны: 446.

Алайда, заңнаманың талаптарына сәйкес АИТВ-инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті АИТВ-инфекциясының алдын алу жөніндегі тиісті орталықтар (АИТВ-ның өңірлік орталығы) жүзеге асыратынын атап өткен жөн.

4) Мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау:

Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган *(Қаржы министрлігі)* айқындаған бірыңғай оператор «Электрондық қаржы орталығы» Акционерлік қоғамы атынан басқарылатын мемлекеттік

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

ақпараттық жүйесі *(мемлекеттік сатып алу веб-порталы) (goszakup.gov.kz) (бұдан әрі-Портал)* арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу порталында жүргізілген талдауға сәйкес 2026 жылғы қаңтарда Шымкент қаласы және Ақмола, Қостанай, Жамбыл, Ұлытау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды облыстарының денсаулық сақтау басқармалары Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасының негізінде жүзеге асырылатын халыққа көрсетілетін медициналық қызметтер *(АИТВ/ЖИТС профилактикасы жөніндегі іс-шаралар)* бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден жоспарланып отырған сатып алу бекітілген.

Бұл ретте, 2025-2026 жылдар кезеңінде шарттар тізілімінде осы қызметтерді көрсетуге жасалған шарттар бойынша ақпарат жоқ.

Бұған дейін Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті 20.08.2024 ж. және 24.01.2025 ж. Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасына АИТВ-инфекциясының алдын алу және емдеу саласында ұқсас қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытынды берген болатын.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу веб-порталының мәліметтерінің талдауы АИТВ-инфекциясының алдын алу және емдеу саласындағы қызметтерді Маңғыстау облысының аумағында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен бәсекелестік негізде (ашық конкурстар өткізу арқылы) сатып алу жүргізілмегенін көрсетті.

6. Әрбір қарау кезеңі бойынша тұжырымдардың негіздемесі:

Заңның 16 - бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіздемеге сәйкес, тапсырыс беруші Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы «Маңғыстау облыстық АИТВ профилактикасы орталығы» ШЖҚ МКК-ден жалпы сомасы 244 223 000 теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен АИТВ-инфекциясын диагностикалау және емдеу саласындағы қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасы АИТВ-инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ МКК-ды басқару және үйлестіру бойынша заңнамада белгіленген өкілеттіктерге ие.

Заңнамада АИТВ-инфекциясының алдын алу саласындағы қызметті АИТВ-инфекциясының алдын алу жөніндегі тиісті орталықтардың (АИТВ-ның өңірлік орталығы) жүзеге асыруы көзделген.

Маңғыстау облысында адамның иммун тапшылығы вирусы инфекциясына эпидемиологиялық қадағалау АИТВ-инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру, АИТВ-инфекциясының зертханалық диагностикалауды ұйымдастыру және жүргізу, АИТВ-инфекциясын емдеуге және жүргізілген зерттеулерге мониторинг жүргізу, диспансерлеу және АИТВ-инфекциясын жұқтырған

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

адамдарға медициналық көмек көрсету, жанасудан кейінгі антиретровирустық алдын алуды өткізу, АИТВ-инфекциясы профилактикасы, диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша медициналық қызметкерлерді даярлықтан өткізу мәселелері бойынша «Маңғыстау облыстық АИТВ профилактикасы орталығы» ШЖҚ МКК жүзеге асырады.

Бұған дейін Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті 20.08.2024 ж. және 24.01.2025 ж. Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасына АИТВ-инфекциясының алдын алу және емдеу саласында ұқсас қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытынды берген болатын.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталының мәліметтерінің талдауы АИТВ-инфекциясының алдын алу және емдеу саласындағы қызметтерді Маңғыстау облысының аумағында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен бәсекелестік негізде (ашық конкурстар өткізу арқылы) сатып алу жүргізілмегенін көрсетті.

7. Қорытындының қолданылу мерзімі

Өтінішхатта көрсетілген мәліметтерге сәйкес АИТВ-инфекциясын диагностикалау және емдеу саласында қызметтер көрсету кезеңі 2026 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезең болып белгіленген.

III. ШЕШІМ:

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, «Маңғыстау облыстық АИТВ профилактикасы орталығы» ШЖҚ МКК-ның Маңғыстау облысында адамның иммун тапшылығы вирусы инфекциясына эпидемиологиялық қадағалауды, АИТВ-инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру, АИТВ-инфекциясының зертханалық диагностикалауды ұйымдастыру және жүргізу, АИТВ-инфекциясын емдеуге және жүргізілген зерттеулерге мониторинг жүргізу және т. б. жүзеге асыратынын назарға ала отырып, АИТВ-инфекциясының алдын алу және емдеу саласында ұқсас қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын басқа субъектілер жоқ.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік-процестік кодексінің 85-бабының 4-тармағына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекелестікке негізсіз шектеулер қоюға қатысты өтініштері болған жағдайда Департамент келісілген қорытындының күшін жоюға құқылы.

Департамент басшысы **Б. Байтлеу**

Департамент басшысының орынбасары **А. Есимханов**

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Бәсекелестікті дамыту
бөлімінің басшысы **Д. Рахимова**

Бәсекелестікті дамыту
бөлімінің бас маманы **А. Джумабаева**

Подпись канцелярии
29.01.2026 12:05 ДЖАМБУЛАТОВА АЙТОЛКЫН

Подпись руководителя
29.01.2026 12:02 БАЙТЛЕУ БЕРДІБЕК

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 608 от 29.01.2026 г.
Организация/ отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	республиканское государственное учреждение "Департамент Агенства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Мангистауской области" Подпись руководителя: БАЙТЛЕУ БЕРДІБЕК MIIS7QYJ...vxbFOqQ== Время подписи: 29.01.2026 12:02
	республиканское государственное учреждение "Департамент Агенства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по Мангистауской области" Подпись канцелярии: ДЖАМБУЛАТОВА АЙТОЛКЫН MIITXwYJ...1zneEcg== Время подписи: 29.01.2026 12:05
	ЭЦП канцелярии: Өтелгенұлы Әбдірахман без ЭЦП Время подписи: 29.01.2026 12:11

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Рег.№ 608 Рег.дата 29.01.2026 Копия электронного документа. Дата: 19.02.2026 16:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП